



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»

«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, БОЛАШАҒЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР

ЖИНАҒЫ

17 сәуір, 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ТРАНСВЕРСАЛЬНЫЕ НАВЫКИ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ»

17 апреля, 2024 года



**АСТАНА
2024**

УДК 378
ББК 74.58
Т66

Асылбекова М.П

**«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР,
БОЛАШАҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ISBN 978-601-337-983-8

Т66 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясындағы «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (Астана қ., 17 сәуір, 2024ж.)/ М.П.Асылбекова.© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024., - 311б.

ISBN 978-601-337-983-8

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции «Трансверсальные навыки: опыт, проблемы, перспективы».

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-337-983-8

© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024 -ISBN

Редакция алқасы:

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

МАЗМҰНЫ

№	Автор(лар), мақала тақырыбы	Беттер
Пленарлық мәжіліс		
1	Асылбекова М.П., Отарова Т.Н. Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамыту тәжірибесі	3
2	Mourat Tchoshanov Designing and studying stem learning in digital age via blended approach of engineering, learning sciences, and didactics	9
3	Ширбачеева Г.Ш. Педагогические вызовы современности: поиск новых подходов к образованию в социокультурной ситуации	12
4	Вахидова Л. В. Теория и технология профессионального развития педагога в контексте трансверсальности	15
5	Кожамкулова Г.Е. Интеграция трансверсальных навыков в содержание куррикулума» (на примере куррикулума Назарбаев Интеллектуальных школ)	20
6	Садикова Ш.А. Теоретико-методологические представления об образовательной среде и основаниях ее проектирования	25
7	Ахмедьянова А.Х. Демонстрация как инструмент оценки профессиональных и трансверсальных компетенций будущих педагогов	30
8	Санатбай П.А. Кәсіби даярлау үдерісінде Soft skills дағдыларын дамыту: шетел тәжірибесі	33
9	Шабаева Г. Ф., Яшина В. И., Чинаева З. М. Инновационная подготовка студентов в полилингвальной и цифровой профессиональной среде по дошкольному профилю в рамках речевого развития детей.	39
10	Baimuldinova G. Thriving in transition: how transversal skills support students in university socium	43
1 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ		
11	Сейітказы П.Б., Махмут Читиль, Ырымбаева Н.А. Медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту	51
12	Абильдина С.Қ., Мукушева А.Н., Дағарова Ж.У. Шағын жинақты бастауыш сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын дамытудың теориялық негіздері	55
13	Абдуллаева Н. М. Тенденции развития образования на современном этапе образовательного процесса	58
14	Абдуллаева Н. М., Шербачеева Л.С. Использование технологий 4К для стимулирования ученической мотивации	62
15	Сламбекова Т.С., Шакаримова К. К. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы трансверсалды дағдылардың мүмкіндіктері	66
16	Есекешова М.Д., Тастанбекова Н.Д., Аубакиров А.К. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру - басты міндет	72
17	Ботабаева А.Е., Ажибаева Р. Е. Болашақ педагогтердің трансверсалды дағдыларын қалыптастыруда онлайн оқыту платформаларын пайдаланудың маңыздылығы	77
18	Сейітказы П.Б., Кошанова М. Т. Медиа құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық функциялары	81
19	Шаханова Э.А. Педагогикалық білімнің қолданылу ерекшеліктері	86

20	Otarova T. N., Zhanabaeva A.K. The importance of internet resources in learning	90
47	Молдабай А.М., Саурыкова Ж.М. Issues of terminology systematization»	190
48	Салкынбаева А.М. Тиімді оқыту және тәлімгерлік құпиялары	192
49	Тнимова Ю.М., Нурманалиева У.Т. Compound complex sentences in the english language	196
50	Seisebayeva B.T.,Tolkumbekova A. K. «E-learning as one of the forms of implementation of the learning process»	198
51	Seisebayeva B.T. Peculiarities of development of modern methods in foreign language teaching	202
52	Seitova Z.A. The study relevanceof future teachers’ social intelligence	207
53	Toregeldieva A. N., Tulebayeva S.K. Using a foreign language in information technology in modern conditions	212
54	Хасенқызы Т., Акрамова Ә.С. Білім беруді цифрландырудағы тәуекелдер	215
55	Аканова А. А., Искакова М. О. Оқытудың белсенді әдістері – сапалы білім беру негізі	221
56	Гайбуллаева С. С., Уалиева Н. Жастармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	224
57	Калматаева А. М., Калымбетова Д. Ж. Церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған логопедиялық түзету жұмыстарының әдістемесі	229
58	Кошимбетова З. Д., Наурызбай Д. Б., Абдигаппарова А.Е. Вербализм вербальды балаларды диагностикалауға арналған тапсырмалар	233
59	Санбаева Б., Есенова К. Сравнительный анализ процессов социально-педагогической адаптации иностранных студентов в образовательных учреждениях Казахстана и Турции: вызовы, стратегии и перспективы»	235
60	Рсалы Г. М.Даярлық тобы балаларын мектепке дайындау мәселелері	243
61	Кәдірбай Ә. Б., Шамбулкерева Б.Н., Нұрхан Д. Е. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері	247
62	Дарменова А.Е Цифрлану жағдайында білім алушылардың трансверсалды дағдыларын дамытудың маңыздылығы	252
63	Аликулова С. А., Болатқызы А. Аутизм – психикалық дамудың бұзылуы	257
64	Гайбуллаева С. С., Алыбай Ж. Жасөспірімдік агрессия – әлеуметтік-педагогикалық мәселе	261
65	Байқоңырова Ж. Балалардағы дизартрия бұзылысына жалпылама сипаттама	265
66	Ахметова Т.Ш. Интертеймент технологиясының заманауи білім берудегі маңызы	268
3 СЕКЦИЯ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БҮЙІНШІ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ		
67	Сламбекова С.Т. Дарынды балалардың әлеуметтік - эмоционалды әл-ауқатын психологиялық қолдаудың ерекшеліктері	273
68	Ныгманбеков К. М. Педагогтердің кәсіби даму мониторингін зерделеу арқылы даму жоспарын әзірлеу	276
69	Мамыракина Ф. С. Тіл сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының креативті жазылым дағдыларын дамыту»	280
70	Шаханова Э.А., Сманова Л.У. Влияние стиля воспитания на специфику семейных конфликтов в подростковом возрасте	290
71	Ыбырайқызы А., Нұғыманова Н. Ә. Ертегі - халық педагогикасының көне жауһары	297
72	Тусипжанов Б.А. Кемпіркосақ» бейнелеу өнері үйірмесі	301
73	Аханова А. К. Мағжанның маржан мұрасы	304

МЕДИА ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Сейітқазы Перизат Байтешовна

perizatbs@mail.ru

педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана,
Қазақстан

Кошанова Мараш Тулегеновна

marash.koshanova70@mail.ru

п.ғ.м., аға оқытушы, Ш.Уәлиханов атындағы КУ, Көкшетау, Қазақстан

Аннотация. Мақалада технологиялық құзыреттіліктің педагогикалық теорияда және практикада технологиялық білім, іскерлік пен дағдылар, ойлауда ақиқатты көрсету мен жаңғыртудың технологияландырылған тәсілдері саласындағы оқу-танымдық іс-әрекетте матрица-моделінің ерекше маңыздылығы айқындалады.

Annotation.

The article defines the special significance of the matrix-model of technological competencies in pedagogical theory and practice in educational and cognitive activities in the field of technological knowledge, skills and abilities, technological ways of representing and reproducing reality in thinking.

Түйін сөздер: меди құзыреттілік, технологиялық құзыреттілік, білім беру субъектілері, матрица-моделі, креативті-технология, конструкторлы-технология, кәсіби-шығармашылық.

Keywords: media competence, technological competence, subjects of education, matrix-model, creative-technology, design-technological, professional-creative.

«Цифрлік Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі: «Адами капиталды дамыту» – жаңа жағдайға – білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру» [1] білім сапасының тұлғалық ерекшелікті, адамзатқа басқа бір қызметтерін, соның ішінде кәсіби қызметін міндетті түрде іске асыруы үшін қажет. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты. Олар: - білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда; - білім берудің мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілетінің дамуымен, қазіргі кездегі білім беру бағдарламасының нақтылануымен байланысты; ақпараттың дәстүрлі әдістері-ауызша және жазбаша оқыту қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға икемделуде.

Заманауи ақпараттық технология құралдары арқылы дайындық сапасын арттыру білімгерлердің ғылыми-техникалық прогрестің дамуына ілесу, меңгерген білімдерінің құндылығын өмірлік қажеттеріне еркін қолдануына, сонымен қатар әлемді тануға қызығушылығын тудыруға бағытталған өзекті мәселелердің бірі қарауымыз керек. Бұл ретте, білімгерлердің медиа құзыреттілігін қалыптастырудың инновациялық тәсілдері оны жетілдірудің мақсаты мен міндеттерін, қағидаттары мен функционалдық-дидактикалық матрицасын қамтитын тұжырымдамалық базаға сүйенуді анықтау болып табылады. Себебі, зерттеп отырған мәселенің мақсатты бағыты төменде берілген міндеттерді жүзеге асыру кезінде қол жеткізіледі: білім беру субъектілерін қалыптастырушы-құрал педагогиканың объективті деректеріне негізделген медиа құзыреттілікті дамытудың педагогикалық реттеуіштерімен қаруландыру; білім беру жүйесінің элементтерін қайта құру бойынша креативті-медиа білім, қабілеттер, стереотиптер және іс-әрекет құралдарының дағдылар жүйесін қалыптастыру; педагогтің жеке тұлғалық және кәсіби-медиа қасиеттерін үйлестіру; педагогикалық қызмет компоненттерін (мазмұндық, коммуникативтік, операциялық-

әрекеттік, құрал) интеграциялау.

Медиа құзыреттіліктің проблемалық және медиа негіздерін, «медиа құзыреттілік» ұғымының құрылымы мен мазмұнын зерттеудің арқасында біз қағидаттар жүйесін негіздедік. Олар: үйлесімділік, құрал, негізсіз-басқару тіректерінің проекциясы, бағдарламалау және толықтыру.

Жоғарыда атап өткен қағидаттарды әзірлеу және жүзеге асыру педагогикалық технологияларды таратуға, инноватика мен білім беруді технологияландырудың маңызды міндеттерін шешуге ықпал етеді. Бұл қағидаттар педагогтардың кәсіби, соның ішінде медиа құзыреттіліктің нормалары мен өлшемдеріне қатысты болуы мүмкін деп болжауға негіз бар.

Болашақ маманның кәсіби даярлау үдерісінде қорытындылау, жүйелеу, сұрыптау сияқты таным тәсілдерін жетік меңгеруді талап етеді, білімгерлердің ойлау қабілетін дамытуға бағытталған қорытындылау, жүйелеуді құрастыру және оны ұйымдастыруға арнайы дайындық жүргізіп, оны креативті көзқараспен трансверсалды құзыреттер негізінде қарастыру қажет.

XXI ғасырда маман болу үшін: жетістіктерге жету үшін трансверсалды құзыретті маман болу қажет. Трансверсалды құзыретті маман: медиа сауаттылық, ақпараттық сауаттылық; ұйымдастырушылық қабілет; өзін-өзі дамыту; цифрлық сауаттылық; коммуникативті дағдылар; сыни тұрғысынан ойлау; зерттеу дағдылары; шығармашылық ойлау; жаһандық азаматтық; топпен жұмыс жасай білетін; тайм менеджментті қадағалайтын; мәселенің тиімді шешімін таба білетін маман; көшбасшылық дағдыларды меңгерген маман. Бұл ретте, педагогтің медиа құзыреттілігін қалыптастырудың функционалды-дидактикалық матрица-моделін қалыптастырушы-құралдағы педагогиканың негізгі қағидаттары мен ережелерін, медиа құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесін іске асырумен айқындалады. Нормативтік модель ретінде ол педагогикалық қызметтің деңгейлері мен түрлері (дайындық-конструкторлық, оқыту-модельдеу) бойынша медиа құзыреттіліктің мазмұнына ғылыми талаптар қояды. Матрица-моделінің жүйелік-функционалдық қасиеттері педагогтарға технологиялық компотенттердің қалыптасуының қол жеткізілген деңгейін белгілеп қана қоймай, сонымен қатар кәсіби даму, ынталандыру, болжау, нәтижелерді қадағалау міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Матрица ойлау резервтерін және білім беруді өзектендіруді қарастырады, соның ішінде шығармашылық процесті ұйымдастыруды жетілдіру саласындағы ғылыми жетістіктерді ескере отырып жасалған. Матрицаның құрылымы технологиялық құзыреттіліктің пәндік бағыттылығының деңгейлері мен жақтары арасындағы өзара байланысты көрсетеді (кесте – 1). Бірінші координат бойынша психолого-педагогикалық, технологиялық және әдістемелік деңгей қойылады. Екінші координатта - технологиялық құзыреттілікті өзектендіру саласы ретіндегі технологиялық қызметтің базалық түрлері. Педагогтардың біліктілігін арттырудың қазіргі заманғы технологиясының ерекшелігін ескере отырып, аспаптық-технологиялық құралдар, әдістер креативтік-технологиялық ойлауды дамытуға және педагогикалық жүйелер мен процестерді жобалау, моделдеуді басқаруға, кәсіби шығармашылықты қолдауды қоса алғанда, бағытталған. Педагогтердің біліктілігін арттырудың қазіргі заманғы технологиясының ерекшелігін ескере отырып, креативті-технологиялық ойлауды дамытуға және кәсіптік-шығармашылықты қолдаумен қатар педагогикалық жүйелер мен процестерді жобалау мен модельдеуді басқаруға арналған институционалды-технологиялық құралдар мен әдістер.

Кесте 1 - Технологиялық құзыреттіліктің пәндік бағыттылығының деңгейлері мен жақтары арасындағы өзара байланыс

Іс-әрекет түрлері, технологиялық құзыреттілік деңгейлері.	Креативті-технологиялық ойлауды қалыптастыру әдетт емаманды кәсіби	Конструкторлық-технологиялық әреке т(КТӨ)	Кәсіби-шығармашылық қарекеті (КШӨ)
---	--	---	------------------------------------

	даярлау процесіне назар аударылмаған (КТО)		
Психолого-педагогикалық	Өзін-өзі оқытуды қамтамасыз ететін педжағдайларды үйлестіру негізінде сыртқы және ішкі жоспарлардың өзара іс-әрекетін дидактикалық қамтамасыздандыру: креативті-технологиялық ойлаудың динамикалық стереотиптері.	Әр түрлі үлгідегі бейнелі-ұғымдық үлгілердің көмегімен дербес және бірлескен қызметті технологиялау: үлгілік	Педагогикалық шеберлікті көрнек іқұралдармен қолдау, эвристикалық оқу іс-әрекет пен анық емес логиканың
		операцияларды, оқу іс-әрекетінің тәсілдері алгоритмдеу және еркін басқару; КТӨ динамикалық стереотиптері.	принциптері мен заңдылықтары негізінде шығармашылық процесті реттеу: танымдық эвристикалық іс-әрекет тәсілдері; кәсіби-шығармашылық әрекеттің күнделікті операцияларын көрнекі құралдармен қамтамасыздандыру.
Технологиялық	Аспаптық бағдарламалау, ойлау және іс-әрекет операцияларын орындауды қолдау негізінде өзін-өзі оқытуды белсендендіру: сенсорлық-құралға тірек; ойлаудың технологияландырылған	Жеке әдістемелерге еқосымша көп өлшемді дидактикалық жобалауды меңгеру: конструкторлық-технологиялық қызметтің технологияландырылған тәсілдері: КТӨ технологияландырылған тәсілдері; педагогикалық	Қалыптастырушы педагогиканың технологиялық арсеналын жаңарту: оқу пәнін проблемалық-модульдік жобалау; модельдердің шығармашылық әзірлемелерінің үлгілік жинағы; оқу

	тәсілдері; білім мен іс-әрекет инварианттарын дербестендіру.	іс-әрекеттің әртүрлі түрлерін технологиялық басқару; білім беру жүйесінің элементтерін аспаптық жобалау.	материалдары мен процесінің қосалқы элементтерін ұсыну құралдарын жасау.
Әдістемелік	Технологиялық құзыреттілік қағидаттарында сыртқы және ішкі жоспарлардың өнімді өзара іс-қимылы: КТӘ мен КШӨ-ға кешенді дайындықты қалыптастыру. КТО-мен өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру; ақпаратты қайта өңдеуді және психикалық процестерді ерікті басқару.	Көп өлшемді мағыналық кеңістіктерді модельдеу құралдарымен педагогикалық іс-әрекетті көрнекі құралдармен қамтамасыздандыру: тақырыпты алдын ала зерттеуді технологиялау; технологияландырылған педагогикалық іс-әрекеттің үлгілерінің критериялды талаптарға сәйкестігі; КТӘ дағдыларын қалыптастыру; біліммен оқу іс-әрекетінің акселогиялық инварианттарын құру.	Оқыту әдістемелерін құралдармен қамту және педагогикалық іс-әрекетті одан әрі технологиялау: педагогикалық қызмет компоненттерін үйлестіру; ықпалдастыру (басқарушылық, мазмұндық, сценарийлік, операциялық, коммуникативтік, көрнекілік).

Технологиялық құзыреттілікті алдын-ала оқыту педагогикалық және оқу іс-әрекеттің сындарлы өзгертуге белгілі бір дайындық деңгейін қалыптастыратын мұғалімнің технологиялық қызметінің бірінші негізі - креативті-технологиялық ойлауды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Креативті-технологиялық ойлаудың тәсілдері мен дағдыларын меңгеру, дәстүрлі ойлау рәсімдерін (талдау-синтез, жіктеу, жүйелеу және т.б.) алгоритмнен басқа, ойлау мен танудың әмбебап ақпараттық-технологиялық тәсілдеріне сүйенеді, олар мидың дамуы мен жұмыс істеуінің психофизиологиялық ерекшеліктерімен айқындалады: ақпаратты қабылдаудың-ұсынудың бейнелі-түсінігі; көп өлшемді-мағыналы кеңістіктерде білімді циклдік көрнекілік негізінде қайта өңдеу және проекциялау.

Креативті-технологиялық ойлауды қалыптастыру мәселесі маманды кәсіби даярлау процесіне бағытталмаған. Педагогикалық ойлау мен іс-әрекетте креативті-технологиялық

қабілеттері мен стереотиптерін қалыптастыру қажеттілігі туралы мәселе дидактикалық нұсқаулық құралдардың көмегімен шешіледі, өйткені зияткерлік қызметтің ішкі процесін сыртқы жоспарға шығарылған нәтижелер бойынша реттеуге болады. Бұл ретте, вербалдық нұсқаулықтар мен қондырғылар тиімсіз болады.

Педагогтің осы қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуы тақырыпты жобалау алдындағы зерттеу кезеңінде басталады, бірақ технологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың басқа кезеңдерінде өзектілігін жоғалтпайды. Креативті-технологиялық ойлаудың белгілерінің пайда болуы педагогтің кәсіби-жеке әлеуетін өзектендірумен байланысты. Технологиялық құзыреттіліктің жоғары деңгейін қалыптастыру үшін конструкторлық-технологиялық іс-әрекет дағдыларын меңгерудің және тәжірибесін алудың маңызы зор. Конструкторлық-технологиялық іс-әрекет дағдыларын меңгеру және тәжірибе жинақтау технологиялық құзыреттіліктің жоғары деңгейін қалыптастыру үшін маңызды, себебі, білімді тәжірибемен біріктіру адамның іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптасуының, белгілі бір қызмет саласында оның шеберлігін ұдайы жетілдірудің маңызды шарттарына жатады. Конструкторлық іс-әрекет кәсіби-технологиялық шығармашылық қалыптасқан креативті-технологиялық ойлауға, репродуктивті және өнімді қызметтің технологияландырылған тәсілдеріне сүйенеді. Талаптардың белгісіздігі мен қақтығысы кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің технологиялық тәсілдеріне мыналарды жатқызуға болады: белгілі білімнің бейне-модельдерін ерікті қалыптастыру және операциялау тәсілі; маңызды технологиялық реттеу негізінде белгісіз модельді іздеу және жобалау тәсілі; эвристикалық тәсілдерді параметрлік синтездеу тәсілі.

Шығармашылық құрастыру инновациялық қызметтің мынадай мүмкіндіктерін ашады: техникалық-дидактикалық қағидаттарды және оларды кәсіптік, озық педагогикалық тәжірибемен жеке және авторлық әдістемелермен қолдану тәсілдерін араластыру; баламасы жоқ сабақтар тақырыптарын және олардың циклдерін жобалау; авторлық пәндік бағдарламалар мен оқу-әдістемелік кешендер құру; кешенді әзірлікті қалыптастыру және технологиялық құзыреттілікті жетілдіру. Бұл ретте, арнайы курстар, семинар-конференциялар, педагогикалық тренингтер, инновациялық педагогикалық оқулар, форумдар, ғылыми жобаны қорғауға арналған әр түрлі байқаулар мен жарыстарды әңгімелесу, талқылау, жаттығу, сұрақ-жауап, миға шабуыл, эвристикалық әдістер арқылы аудио-бейне құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютерлік-мультимедиялық құралдар, электронды оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, медиатека, инновациялық ақпараттық қор, инновациялық веб-сайт және т.б. білім берудің формалары арқылы пәндік бағыттылығының деңгейлері мен жақтары арасындағы өзара байланысты одан әрі оңтайландырады.

Матрицаның құрылымы технологиялық құзыреттіліктің негізі өзінің авторлық технологиясын ұсынууды, оны әдіснамалық тұрғыдан анықтап, үнемі әдіснамалық жетілдіріп отыру болып табылады.

Қорыта келгенде, жоғарыда қарастырылған мәселе трансверсалды құзыреттердің технологиялық құзыреттілік мәселелерін оңтайландыруда матрица-модельді қолдану арқылы ақпараттандыратын, қалыптастыратын, мониторингілейтін және болжайтын функцияларды қамтамасыздандыруға негіз болатын жолдардың бірі деп болжаймыз.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2017 жылдың 12 желтоқсанда, №82 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 17.09.2021.
2. Сейітқазы П.Б. Баспасөз және тәрбие мәселесі: оқу құр. – Астана, 2007. – 112 б.
3. Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: 13.00.01: пед. ғыл. док дис. – Алматы, 2010. – 352 б.
4. Федоров. Развитие медиакомпетентности и критического мышления студентов педагогического вуза. – М., 2007. – 616 с.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шаханова Эльмира Аманжоловна

Shakhanova_Elmira@mail.ru

магистр, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан.

Аннотация. Мақалада күнделікті қолданылатын практикалық және ғылыми педагогикалық білімнің түрлері сипатталады. Ғылыми-педагогикалық білімнің негізгі формалары қарастырылып, оны дамытудың өзекті әдістемелік мәселелері көрсетілген. Тәрбиелік шындықты, ғылыми таным формаларын және педагогикалық тұжырымдамаларды талдаудың перспективаларын таңдау негізінде педагогикалық білімді жүйелеуге авторлық көзқарас берілген.

Abstract. The article describes the types of practical and scientific pedagogical knowledge used daily. The main forms of scientific-pedagogical education are considered, and the actual methodological issues of its development are indicated. The author's approach to the systematization of pedagogical knowledge is presented based on the selection of perspectives for the analysis of educational reality, forms of scientific knowledge, and pedagogical concepts.

Түйін сөздер: Педагогика әдістемесі, ғылыми таным, педагогикалық ұғымдар, заңдылықтар, принциптер, модельдер, теориялар, технологиялар.

Keywords: Pedagogical methodology, scientific knowledge, pedagogical concepts, laws, principles, models, theories, technologies.

Педагогиканың алға басуы көбінесе әдіснаманың дамуымен тікелей байланысты, оның негізі педагогикалық шындық пен оның педагогика ғылымындағы бейнеленуі арасындағы байланыс [1, 23]. Педагогикалық білімнің жылдам «өсуі» жағдайында әдіскерлер педагогикалық ғылымдардың жалпы жүйесіне біртұтас көзқарас құрудың өзектілігін, педагогикалық білімнің мәні мен сипаттамаларын түсіндіруде белгілі бір элементаризмді жеңу қажеттілігін атап көрсетеді.

Ғалымдар зерттеу нәтижелерін бір бағытқа бағыттайтын жүйе құраушы принцип және сонымен бірге ретроспекция мен даму перспективаларын түсіну үшін педагогикалық білімді құрылымдаудың [4, 31] әдістемелік құралдарының жетіспеушілігін көрсетеді.

Бұл жағдайда біз әдістемеде орталық орын алатын зерттеу іс-әрекетінің мәселелері туралы емес, осы қызметтің нәтижесінде жинақталған білім жүйесі ретіндегі педагогика туралы айтып отырмыз.

Педагогикалық білімді одан әрі өнімді дамыту жолдарын анықтау үшін жинақталған жүкті қайта қарау, түсіну қажет.

Бұл интеграциялық тенденциялар, педагогикалық пәндер (салалар) арасындағы тиімді әрекеттестік және педагогиканың басқа ғылымдармен өзара әрекеттестігі тұрғысынан да мақсатқа сай келеді. Бұл мақаланың мақсаты – педагогикалық білімнің түрлері мен формаларын талдау негізінде қазіргі заманғы педагогикалық білімге сипаттама беру, мұндай білімді игерудегі өзекті әдістемелік мәселелерді анықтау және оны жүйелеу тәсілдерінің бірін ұсыну болып табылады.

Біз ғылыми көріністе педагогикалық шындық суретінің мазмұнына тоқталмаймыз, бірақ педагогикалық білім туралы, оның мұндай білімдерді бейнелеудің сыртқы қабықшалары ретіндегі формалары қарастырылады.

Мақаламызды педагогикалық білім дегеніміз не? және оның түрлері қандай? деген сұрақтардан бастайық. Кез келген білім адамның танымдық әрекетінің нәтижелерін жүйелеу